I МОДУЛЬ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

# 1-сабақ
# Істің қысқартылған тәртіппен сотта талқылануы

## 1. Тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

жеделдетілген іс
келтірілген зиян
айрықша жағдайлар
төлемдердің мерзімі
зиянның мөлшері

келісім жасасу
қысқартылған сот талқылауы
ауырлығы орташа қылмыстар
онша ауыр емес қылмыстар

## 2. Тыңдаңыз, жазыңыз.

айрықша ______
төлемдердің ______
келтірілген ______
зиянның ______
жеделдетілген ______

қысқартылған ______
онша ______
келісім ______
ауырлығы ______

## 3. Берілген сөздерді аударламасымен сәйкестендіріңіз.

| | |
|---|---|
| ◯ жеделдетілген іс | ◯ заключить соглашение |
| ◯ келтірілген зиян | ◯ ускоренное дело |
| ◯ айрықша жағдайлар | ◯ преступления средней тяжести |
| ◯ төлемдердің мерзімі | ◯ преступление небольшой тяжести |
| ◯ зиянның мөлшері | ◯ сроки оплаты |
| ◯ келісім жасасу | ◯ особые обстоятельства |
| ◯ ауырлығы орташа қылмыстар | ◯ причиненный вред |
| ◯ онша ауыр емес қылмыс | ◯ размер ущерба |

## 4. Үлгінің көмегімен болымды және болымсыз түрде жазыңыз.

| хабарлау+са | жүргізу+ бе+се |
|---|---|
| мойындау ______ | мойындау ______ |
| бұзу ______ | бұзу ______ |
| талап ету ______ | талап ету ______ |
| қаулы шығару ______ | қаулы шығару ______ |
| жүргізу ______ | жүргізу ______ |
| анықтау ______ | анықтау ______ |
| даулау ______ | даулау ______ |
| жол беру ______ | жол беру ______ |
| қол жеткізу ______ | қол жеткізу ______ |
| келісім жасау ______ | келісім жасау ______ |

**Етістіктің шартты райы**
Етістік+ (-са, -се)
Мысалы:
мойында +са
талап ет +се
анықта +са



LIVEWORKSHEETS

## 5. Мәтінді оқыңыз.

Онша ауыр емес, ауырлығы орташа қылмыстар, сондай-ақ ауыр қылмыстар бойынша сот талқылауы, мынадай шарттар болған кезде:

- сотталушы өзінің кінәсін толық көлемде, қылмыстық құқықбұзушылықпен келтірілген зиянның мөлшерін және өзіне қойылған талаптарды мойындаса;
- процеске қатысушылар дәлелдемелердің қатысы мен жол берілетіндігіне келіссе және оларды сот отырысында зерттеуді талап етпесе;
- медиация тәртібімен татуласуға қол жеткізу туралы келісім жасалса, іс қысқартылған тәртіппен жүргізіледі.

Істі сотта талқылаудың қысқартылған тәртібі сотталушыдан, жәбірленушіден жауап алудан, процестік келісім немесе медиациялық тәртіппен татуласуға қол жеткізу туралы келісім жасасу мән-жайлары, азаматтық талап қою және процестік шығындар бойынша төлемдердің мерзімі мен тәртібі туралы мәселелерді анықтаудан тұрады. Қысқартылған сот талқылауы он тәулікке дейінгі мерзімде аяқталуға тиіс, айрықша жағдайларда бұл мерзім судьяның уәжді қаулысымен жиырма тәулікке дейін ұзартылуы мүмкін.

Сот отырысы барысында қысқартылған тәртіппен сот талқылауына кедергі келтіретін мән-жайлар анықталса, сот тергеуін толық көлемде жүргізу туралы қаулы етеді.

## 6. Тыңдаңыз және жазыңыз.

- ________ зиян
- ________ жол берілу
- ________ іс жүргізу
- ________ татуласу
- ________ дәлелдемелер
- ________ қол жеткізу
- ________ мән-жайлар
- ________ талап қойса
- ________ сот талқылауы
- ________ қаулы ету

## 7. Сәйкестендіріңіз.

| | |
|---|---|
| келтірілген | іс |
| процеске | анықтау |
| жеделдетілген | қатысушылар |
| мәселелерді | зиян |
| уәжді | талап ету |
| зиянның | қаулы |
| зерттеуді | тәртіп |
| қысқартылған | мөлшері |

## 12. Берілген сөз тіркестерімен сөйлем құраңыз.

- процестік келісім
- төлемдердің мерзімі
- он тәулікке дейінгі мерзім
- істің қысқартылған тәртібі
- татуласуға қол жеткізу
- сотталушыдан жауап алу
- жәбірленушіден жауап алу
- мәселелерді анықтау



LIVEWORKSHEETS

## 8. Тиісті сөздерді жазыңыз.

процестік ( )
келтірілген ( )
жиналған ( )
зиянның ( )
сотта ( )
жауап ( )
жеделдетілген іс ( )
мәселелерді ( )
зерттеуді ( )
айрықша ( )
толық көлемде ( )
төлемдердің ( )

жүргізу, шығындар, мөлшері, талқылау, жағдайлар, зиян, мерзімі, жүргізу, дәлелдемелер, талап ету, анықтау, алу

## 9. Сөздерді дұрыс орналастырып, сөйлем құраңыз.

1. ауыр қылмыстар туралы /істер бойынша/ ауырлығы орташа қылмыстар/ сондай-ақ/ Онша ауыр емес/ сот талқылауы.

2. /Сот талқылауы/ мерзімде /қысқартылған/ он тәулікке /аяқталуға тиіс/ дейінгі/

3. /жағдайларда/ уәжді қаулысымен/жиырма тәулікке дейін / ұзартылуы/ мүмкін/ айрықша/бұл мерзім /Судьяның/

4. /қаулы етеді /толық көлемде /сот тергеуін /мән-жайлар анықталса/сот талқылауына /қысқартылған тәртіппен /сот отырысы/ егер/ барысында/ кедергі келтіретін/жүргізу туралы/

5. / қол жеткізу туралы/ Медиация тәртібімен/ жүргізіледі/ келісім жасалса/ тәртіппен / татуласуға/ қысқартылған/

## 10. Жақша ішіндегі етістіктерді үлгінің көмегімен жазыңыз.

Сот талқылауы сотталушы қылмыстық құқықбұзушылықпен келтірілген зиянның мөлшерін және өзіне қойылған талаптарды **мойындаса** (мойындау);
- процеске қатысушылар жиналған дәлелдемелердің іске қатысы мен жол берілетіндігіне __________ (келісу) және оларды сот отырысында зерттеуді талап __________(етпеу);
- медиация тәртібімен татуласуға қол жеткізу туралы келісім______(жасалу) қысқартылған тәртіппен жүргізіледі.

Сот отырысы барысында қысқартылған тәртіппен сот талқылауына кедергі келтіретін мән-жайлар _______(анықталу), сот тергеуін толық көлемде жүргізу туралы қаулы етеді.

## 11. Мәтіннің көмегімен сұрақтарға жауап беріңіз.

| | |
|---|---|
| 1. Қысқартылған сот талқылауы қанша тәуліктік мерзімде аяқталуы тиіс? | ______ |
| 2. Қандай жағдайда қысқартылған сот талқылауы жиырма тәулікке дейін ұзартылуы мүмкін? | ______ |
| 3. Қандай келісім жасалғанда сот талқылауы қысқартылған тәртіппен жүргізіледі? | ______ |
| 4. Қандай жағдайда сот тергеуін толық көлемде жүргізу туралы қаулы етіледі? | ______ |



LIVEWORKSHEETS